

Ленин тұжы

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ
ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№168 (8628)

Жексенбі 26 август 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеңе саны 20 тыйын

ҚК(б)П облыстық комитетінде

Егін жыйнауда комбайндардың қанағаттанғысыз пайдаланылуы туралы

Егін жыйнауда комбайн паркін пайдаланудың жөйін тексергенде бір қатар МТС-тарда комбайндарды техникалық жағынан күтудің нашар ұйымдастырылуы, колхоздардың трактор бригадалары шаруашылық жағынан нашар қамтуы (отрядтарға суды, жанармай мен жағар майды уақтылы жеткізбеуі, комбайндардан астықты дер кезінде түсірмеу) салдарынан егін жыйнауда комбайн паркінің жұмысы қанағаттанғысыз болып отыр.

Өересе Приешім, Булаев, Ильич атындағы, Бейнеткор, Суворов, Вильямс атындағы және Торангүл МТС-тарында комбайндар ойдағыдай пайдаланылмай келеді, бұл МТС-тарда егін жыйнау басталғалы, 20 августқа дейін әрбір комбайнмен 8-12 гектар ғана егін жыйналды. Ал комбайнмен егін жыйнау жұмыстары 5-8 процент ғана орындалды. Колхоздарда егін жыйнайтын машиналар мен жұмысшы күші жетпей отырған жағдайда комбайнды жете бағаламау және оны нашар пайдалану мемлекет пен колхоздар алдында қылмыс болып саналады.

ҚК(б)П облыстық комитеті, егін жыйнау жұмыстарының басталуына байланысты МТС-тарда комбайн жөндеу жұмысының тоқтатылғандығын және молотилкалардың жөндемей отырғандығын тіпті төзбестік жағдай деп есептейді. Осы жылдың 20 августына дейін облыс МТС-тарында комбайнның 266, немесе, 29,5 проценті жөндемеді, ал МТС директорлары, партия, совет ұйымдары ком-

тексеріп, байқалған кемшіліктерді жоюға және комбайндардың жұмысын жақсартуға үзілді-кесілді шаралар қолдануға міндеттелсін.

3. МТС директорларына 1 сентябрьден кешікпей комбайн жөндеу жоспарының орындалуын қамтамасыз ету тапсырылсын. ҚК(б)П аудандық комитеттері мен аудандық совет аткомдері комбайндарды жөндеу жұмысының барысын қатаң бақылап отыратын болсын.

4. МТС директорлары барлық жөндеген комбайндарды егін жыйнауға дереу қосып, әрбір комбайншының күнделік тапсырманы толық және артығымен орындауына жетісуге міндеттелсін.

5. МТС директорларының дән тұтқышпен және сабан шөмелелегішпен жабдықталмаған комбайндарды егін жыйнауға қосуына тыйым салынсын.

6. МТС директорларын үш күн мерзім ішінде жылжымалы мастерскояларды жабдықтаумен, материалдармен, жұмысшы күшімен қамтамасыз етіп, комбайндарды техникалық жағынан үнемі қамту үшін оларды бригадаларға жіберу тапсырылсын.

7. Колхоз баскармаларына бүкіл егін жыйнау мерзімі бойына комбайн бригадаларына колхозшыларды, сол сыяқты су және жанармай тасушыларды бекіту тапсырылсын.

8. Жергілікті ұйымдаған ұтаскелерді ком-

14. МТС-тар мен колхоздарға қосалқы бөлшектер мен материалдарды жеткізу ісін тездету мақсатында, сельхознаб меңгерушісі Григорьев, автотракторсбыт меңгерушісі Николаев жолдастар егін жыйнау кезінде МТС-тар мен колхоздарға өте қажет қосалқы бөлшектер мен материалдар тиелген автомобильдер және дүкендер жіберіп, бұл заттардың жергілікті жерлерде таратылуын қамтамасыз етуге міндеттелсін.

15. Облыстық автомобиль баскармасының бастығы Машинский жолдасқа МТС-тар мен колхоздарға қосалқы бөлшек тапсыру үшін техникалық жағынан бір бүтін автомобиль бөліп, оны осы жылдың 1 октябріне дейін сельхознабқа қол хат бойынша беру тапсырылсын.

16. Автомобильдегі көшпелі мастерскояй жоқ МТС-тарға көмектесу мақсатында көшпелі мастерскоялар жабдықтау үшін Петропавл қаласының өнеркәсіп орындарынан 11 автомобиль бөлініп, олар комбайндарды қамту үшін 28 августқа дейін егін даласына жіберілсін.

17. Завод директорлары Резчик, Мадахов, Мамонтов, Серпуховитин жолдас тар мастерскоя ұйымдастыруға бөлінген автомобильдерді кұрал-жабдықпен, маман жұмысшымен толықтыруға, сөйтіп оларды 25 августқа дейін МТС-тарға жіберуге міндеттелсін.

18. Облыстық еңбек резерві баскармасының бастығы Нечесов жолдас 27 августқа дейін 7 автомобиль мастерскояла-

Егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алуға, мемлекет алдындағы міндеттерді дер кезінде орындауға барлық күш жұмсалатын болсын.

Ол үшін жергілікті партия, совет ұйымдары, жер және дайындау орындары егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына күнбе-күн басшылық етуге міндетті.

Егін жыйнау—бүкіл халықтық іс

АСТЫҚ ТАПСЫРУДЫ БӨГЕУШІЛЕР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНСЫН!

Астық тапсыруды көріне-көзге бөгеіп отыр

Полудень ауданы егін ору жұмысының барысында облысымыздың барлық аудандарынан алда келеді. Мұнда 23 августқа дейін 7565 гектар егін орылып, жоспар 28,7 процент орындалды. Бірақ, бұл ауданда егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру, астық ысырабына және астықтың талан-таражға ұшырауына қарсы күрес ойдағыдай жүргізіліп отыр дегендік емес.

Ауданда егін орағының алғашқы күндерінен бастап-ақ астық тапсыру жөніндегі тәртіп өрескел түрде бұрмаланды. Бастырылған астықтың колхоз қырмандарында көп уақыт жатып қалуына жол берілді. Колхоздардың көзге астық жинағы молшерден артық жұмсалды.

Мәселен, «Путь социализма» колхозында (председателі Кайнов жолдас) бастырылған ондаған центнер астық мемлекетке тапсырылмай жатыр. Солай бола тұрса да, Кайнов жолдас аванс ретінде колхозшыларға 7 центнер астықты заңсыз үлестіріп берген. Мұнымен бірге, бұл колхозда 13 центнер астық ұрланып, талан-таражға салынған. Егін күзетінің дұрыс ұйымдастырылмауы салдарынан комбайншы Хрулин, оның көмекшісі Лавчева, тракторшы Хайлукина дегендер комбайн буикерінен астық ұрлаумен шұғылданған.

«2 Большевикский сев» колхозының

егін жыйнау жұмысына кіріскелі мемлекетке небары 50 центнер ғана астық тапсырды. Ал, тағайындалған тапсырма бойынша бұл колхоз август айында 255 центнер астық тапсыруға тиіс еді.

«Прогресс», «Ақ көл», Киров атындағы және «Победа» колхоздарында астық тапсыру жұмысын ойдағыдай жүргізуге күш-мүмкіншілік жеткілікті. Бұл колхоздардың қырмандарында қазір 200ден 500 центнерге дейін астық жатыр. Бірақ колхоз басшыларының мемлекетке астық тапсыру жұмысын ұйымдастыруға немқетті қарап, қырмандағы астықтың дереу тазартылуын және дайындау орындарына жөнелтілуін ұйымдастырмауы салдарынан, астық тапсыру жұмысы қаса-қана бөгеліп отыр. Бұл бұлама, қырмандарында ондаған центнер астық жатқан Чкалов атындағы, «3-пятилетка» және «Победа» колхоздары астық тапсыру жұмысына әлі күнге дейін кіріскен жоқ. Не пайда, осының бәріне аудан басшылары төзін келеді.

Турасын айту керек. Ауданда астық дайындау жұмысын ойдағыдай жүргізіп жатқан колхоздар жоқ емес. Бұлардың қатарына Тельман атындағы, Чкалов атындағы, «Молот», «Искра», «Екінді» тағы басқа сол сыяқты колхоздарды қосуға болады. Тельман атындағы колхоз мемлекетке қазірдің өзінде 2400 пұттай астық тапсырды. Шынында бұл колхоз

Облысымызда ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы

ЕГІН ЖЫЙНАУ. Облыстық жер бөлінің мәліметі бойынша, 24 августқа дейін колхоздарда 100787 гектар егін орылып, жоспар 26,6 процент орындалды. Соң бір күнде 7951 гектар егін орылды. Бүкіл Октябрь ауданының колхоздарда 2414, Ленин ауданының колхоздарда 2195 гектар егін орды.

Барлық орылған егіннің 34087 гектары комбайнмен жыйналды, 40592 гектары маяға салынды.

Егін ору жоспарын орындауда Петропавл ауданының колхоздары екінші орын бірінші орынға шығып, Полудень ауданының колхоздары бірінші орын екінші орынға түсіп қалды. Сөйтіп пар Петропавл ауданының колхоздары 31,9, Полудень ауданының колхоздары 30,6, Конохов ауданының колхоздары 28,7 және Мамлют ауданының колхоздарында 28,5 процент орындалды. Бұл міндетті әсіресе Совет, Ленин, Преснов, Приешім аудандарының колхоздарына артта қалып қойды. Бұларда жоспар орындалуы 22—25 проценттен аз болды.

ЗЯББ ЖЫРТУ. Колхоздарда 13287 гектар зябб жыртылып, жоспар 7,6 процент орындалды. Соңғы бір күнде 563 гектар зябб жыртылды. Бұл күні Мамлют Октябрь аудандарының колхоздары бір гектар зябб жыртыды.

Зябб жырту жоспарын Полудень ауданының колхоздары 11,3, Октябрь ауданының колхоздары 9,2 және Мам-

ған графиктің орындалуы тексерілгенді, жұмыс күнін үнемді пайдалану (комбайндардан астықты жұмыс үстінде түсіру, бригадалардың кезекпен тамақтануы тағы басқалары) үшін күрес жоғ. МТС директорлары, аға және учаскелік механиктер бригадаларға сирек барады, жас комбайншылар мен тракторшыларға хажетті түрде техникалық көмек көрсетпейді, ал жұмыс үстінде бүлінген комбайндардың бөлшектері мастерскойларда бірнеше күн бойына түзелмей, босқа жатады. Кейбір колхоздарда комбайн агрегаттарының жұмыс жоспары жасалмаған, олардың егін жыйнайтын учаскелері тағайындалмаған, асының салдарынан комбайндар бір жерден екінші жерге қалай болса, солай ауыстырылып, жанар май орынсыз шығын болған. Кейбір колхоздарда, мәселен Мамлют ауданындағы Ворошилов атындағы, Преснов ауданындағы «Прибой» тағы басқа колхоздарда өнімді егін добогрейкалармен орылып, арам шөбі көп учаскелер комбайнмен жыйнауға қалдырылған.

Комбайндардың көп уақыт босқа тұруы комбайн агрегаттарының маман комбайншылармен және тракторшылармен қамтамасыз етілмеуінен болып отыр, бұл уақыт та колхоздарда, МТС-тарда және аудан орталықтарында өз мамандығы бойынша жұмыс істемей жүрген тәжірибелі комбайншылар мен тракторшылар бар. Бірақ оларды егін жыйнауға жіберу ұйымдастырылмаған.

МТС директорлары мен техникалық қызметшілері комбайндарды бір жерде тұрып соғуға пайдаланудан бас тартпайды, кейде колхоздар бір жерде тұрып егін соғудағы комбайндарды жұмысшы күшімен қамтамасыз етпейді, асының салдарынан комбайндар толық жұмысқа пайдаланылмайды. Мұның аяғы астық бастыруды кешеуілдетуге және жанармайды анағұрлым артық жұмсауға соғып отыр.

Комбайн паркін пайдаланудағы көрсетілген кемшіліктерді жою мақсатында РК(б)П облыстық комитеті қаулы етеді:

1. Облыстық жер бөлімінің бастығы Омеляненко жолдас, РК(б)П аудандық комитеттерінің секретарьлары, аудандық совет атқомдерінің председателдері, МТС директорлары мен бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары және колхоз басқармалары комбайн паркін ұқыпты пайдалану егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарын ойдағыдай жүргізудегі аса маңызды шарт екендігін ескеріп, комбайн паркінің жұмысын жақсартуға міндеттелсін.

2. РК(б)П аудандық комитеттері, аудандық совет атқомдері әрбір бес күн сайын МТС комбайндарының жұмысын

М. Техин жолдас, РК(б)П облыстық комитеті МТС директорларынан, аға механиктерінен, бастауыш партия ұйымының секретарьларынан бұл мәселеге немқетті қараушылықтан арылуды талап етеді және оларды үш күн мерзім ішінде комбайн және трактор бригадаларын техникалық жағынан қамтудың белгісін жасап, бригадаларға тапсыруға міндеттейді.

Бригадирлер мен олардың көмекшілері техникалық күтім мерзімдерінде әкелері міндетті түрде жұмыстың басы-масында болсын.

10. МТС директорларына және колхоз басқармаларына әрбір комбайн агрегатына егін учаскелерін бекіту, комбайндарды орыннан қозғау тәртібін белгілеу, сөйтіп комбайндардың босқа жүруін азайту тапсырылсын.

11. МТС директорларынан және колхоз басшыларынан комбайндарды егінді жүріп жыйнаудан бос уақыттарда астықты тұрып соғуға пайдалану, сөйтіп әрбір 15 тасты комбайнға 20 адам және 20 тасты комбайнға 24 адам бөлу тапсырылсын.

12. МТС директорлары егін жыйнау кезінде мастерскойларды тәулік бойы жұмыс істеуін ұйымдастырып, трактор бригадаларының заказдарын орындауда кідіріске жол бермеуге міндеттелсін.

13. Сельхозснаб меңгерушісі Григорьев жолдас 10 күн мерзім ішінде Ильинка және Преснов селоларында сельхозснабтың филиалын ұйымдастырып, МТС-тар мен колхоздарға қосалқы бөлшектер сатуы қамтамасыз етуге міндеттелсін.

Совет Хабаршы бюросынан

24 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

24 августа ҚЫЙЫР ШЫҒЫСТА әскерлеріміз бөрілген бағытта алға басты. ЗАБАЙКАЛ майданының әскерлері Маньчжурияның оңтүстік жағында ЕБО-ШОУ қаласын алды.

1-ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері Кореяның шығыс теңіз жағалауы бойымен алға басып, КИСМЮ қаласы мен темір жол торабын алды.

Майданның авиация десант бөлімдері Кореяда ХЕЙДЗИО, КОНКО қалаларына түсіп, оларды алды.

2-ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері САХАЛИН аралының оңтүстік бөлегінде ХОНТО қаласы мен порты және МАНУЙ қаласын алды.

МУКДЕН ауданында әскерлеріміз одақтас мемлекеттердің соғыс тұтқындары ұсталған лагерьді азат етті, жапондар 1670 солдат пен офицерді және 28 генералды осы лагерьде тұтқында ұстаған.

23 августа әскерлеріміз жапондардың 14 мыңнан аса солдаты мен офицерін қолға түсірді.

Жапондардың тізе бүгуші бөлімдері мен құрамалары қабылданылып жатыр.

СОВЕТ ХАБАРШЫ БЮРОСЫ.

лаев жолдасар көпшісі терекойларын негүрлым көп қолданылатын қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етуге міндеттелсін.

20. Комбайндардың босқа тұруы әсіресе Галля шынжырларының жеткіліксіздігінен екендігі ескеріліп, завод директорлары Малахов, Резчик, Мамонтов жолдасар 25 августан көпкіпей құрал-жабдық жасауды аяқтауға сөйтіп Галля шынжырларын жасап шығару ісіне кірісуге міндеттелсін.

21. Облыстық еңбек резервтерінің бастығы Нечесов жолдасар 1 сентябрьге дейін 100 құрал-сайман жыйынын жасап, толықтыру және оны сельхозснабқа тапсыру талап етілсін.

22. Облыстық газеттердің редакторлары Оспанов және Кияница жолдасар техниканы игерген және жаңалық тапқан озат комбайншыларды баспа сөз бетінде үнемі жариялап отыруға міндеттелсін.

Облыстық жер бөлімінің бастығы Омеляненко жолдас таңдаулы комбайншылардың, тракторшылардың, бригадирлер мен механиктердің тәжірибелерін облысымыздың барлық МТС қызметкерлерінің үйренуін ұйымдастыратын болсын.

23. Осы қаулының орындалуын бақылау РК(б)П облыстық комитеті ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Городецкий және РК(б)П облыстық комитеті секретарінің соғыс өнеркәсібі жөніндегі орынбасары Забабурин жолдасарға тапсырылсын.

тық қайда болса сонда жұмсалған.

Міне осының салдарынан ауданда август айының ішінде мемлекетке 20 августка дейін 23907 центнер орнына 5381 центнер ғана астық тапсырылды. Аудан бойынша 15 августан 20 августқа дейін 7550 центнер астық тапсырылуы керек еді. Бұдан бұл мерзім ішінде небары 3810 центнер ғана астық тапсырылды.

Астық тапсыру жұмысын әсіресе «Красная звезда», «Путь Ильича», «Колос», Киров атындағы, «Победа» және «Ақ көл» колхоздары ойсыраған олқылыққа ұшыратты. «Красная звезда» колхозы

Мерекеге сыйлық әзірлуде

Жұматаев жолдас председателі болып істейтін «Бірлік» ауыл шаруашылық артелінің (Ленин ауданы) мүшелері 1945 жылғы мол егінді ысырапсыз, дер кезінде жыйнап алуға, сөйтіп мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау ісіне жұмыла кірісіп, Москва колхозшыларының үндеуіне іспен жауап беруде.

Егін жыйнау жұмысы кезінде колхозда колхозды ауылдың таңдаулылары қатарына жаңа адамдар қосылды. Лобогрейкашы Ақышев және Қожеев жолдасар облысымыздың атақты лобогрейкашысы Сауытов жолдасдың үлгісі бойынша жұмыс

лардың жұмысы күнбе-күн бақылауға алынған. Мұнымен бірге, бригада мүшелері арасында социалистік жарыс және үйіт-көпшілік жұмыстары пәрменді өрістеп, керуеншілердің тұрмыс хажеті тынғылықты өтелген. Міне осының бәрі табыс кілті болып отыр.

Бірақ астық дайындауағы осындай озаттардың іс тәжірибесі аудандағы барлық колхоздардың игілігіне айналдырылмай келеді. Осының салдарынан да ауданда астық дайындаудың жылдық жоспары 5,6 процент ғана орындалып отыр.

Н. ВОРОПАЕВА.

істен жүр. Бұлардың әрқайсысы күн еркін бір лобогрейкамен 9 гектардан кем егін орып көрген емес.

Колхозда мемлекетке астық тапсыру жөніндегі бескүндік және онкүндік тапсырмалар мүлтіксіз орындалып келеді. Колхоз мүшелері қазір дайындау орындарына 2 мың пұттай астық өткізді.

«Егінді дер кезінде жыйнап, мемлекет алдындағы бірінші парызмызды мүлтіксіз өтейміз, бұл біздің Қазақ ССР-ның 25 жылдығына тартатын сыйымыз»,—дейді, колхозшылар.

Т. КӘКІМОВ.

жоспарын Мамлют ауданының жоспары 21. Колхоз ауданының колхозы 20,3 және Петропавл ауданының колхозы 19,1 процент орындады. Бұныста Совет, Приешім және Ленин дарының колхоздары артта қалып қалды. МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ. Колхозда 264953 гектар жердің пішені алып, жоспар 71,6 процент орындады. Соңғы бір күнде 4510 гектар жер пішені шабылды. Барлық шабылған пішен 197116 тоннасы маяланып, 52262 тоннасы мал қыстауларына сыйды.

Астық тапсыру қызметі

Булаев ауданындағы «Қара шоқ» шаруашылық артелінің мүшелері кет алдындағы бірінші парызды белсене кірісіп, оны қызу жеткізді. Олар мемлекетке астық тапсыру сыйымын ойдағыдай ұйымдастыру дайындау орындарына қазірді 1000 пұттай астық жеткізді.

Мемлекетке астық тапсыру жоспарында «Қара шоқ» колхозы да қалысатын. Мұнда астық дайындау жоғары орындалуы 20 процентке жуық

М. ЕГІ

Көп балалы аналарды „Ана Даңқы“ орденімен наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

(Жалғасы. Басы

газетіміздің 151-санында).

56. Степаненко Наталья Сергеевна—Солтүстік Қазақстан облысы Конюхов ауданы, Новоуспенскі селендік советі, «Ясная заря» колхозының мүшесі.

57. Сыздықова Бизак—Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Арал селендік советі, Аманкелді атындағы колхоздың мүшесі.

58. Тәшенова Ману—Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласында тұратын үй шаруасындағы әйел.

59. Титова Наталья Андреевна—Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Ясенов селендік советі, «Новая жизнь» колхозының мүшесі.

60. Толстоносова Анна Павловна—Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Ясенов селендік советі, Стрельников селосының колхозшысы.

61. Урбан Анна Васильевна—Солтүстік Қазақстан облысы, Конюхов ауданы, Березняк селосының колхозшысы.

62. Усикова Елизавета Тихоновна—

Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданындағы ет-сүт совхозының жұмысшысы.

63. Фатхуллина Фагила Мерсаевна—Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласында тұратын үй шаруасындағы әйел.

64. Фидосен Анна Григорьевна—үй шаруасындағы әйел, Солтүстік Қазақстан облысы, Конюхов ауданы, Чистая селендік советі.

65. Хлыстонова Ефрасинья Алексеевна—Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Ясенов селендік советі, «Новая жизнь» колхозының колхозшысы.

66. Құрамына Гайникамал—Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласында тұратын үй шаруасындағы әйел.

67. Челанко Марфа Гавриловна—үй

шаруасындағы әйел, Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Екатырлык советі.

68. Чернышева Татьяна Ил—Солтүстік Қазақстан облысы, даны, Беловскі селендік совет шысы.

69. Чеснок Александра Троф—Солтүстік Қазақстан облысы, даны, Писаревскі селендік совет атындағы колхоздың мүшесі.

70. Чирялина Акулина Пет—Солтүстік Қазақстан облысы, Маны, Михайловка селосында шаруасындағы әйел.

71. Шутова Христина И—шаруасындағы әйел, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл ауданы, селендік советі.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ә. ҚА Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретарі С. НҰРМА Алматы қаласы, 1945 жылғы 30 июль.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Партия қатарын толықтыруды ойдағыдай ұйымдастырайық

Ленин ауданындағы кейбір партия ұйымының секретарьлары партияда жоқ алдыңғы қатарлы колхозшы жастар арасында саяси-көпшілік жұмыстарын шын мәнінде өрістете алмай отыр. Олар партияның шаруашылық басшылық ету жөніндегі жұмыстарының табысты болуы партия қатарының үздіксіз өсуіне байланысты екендігін әлі жете ұғынбаған. Бұл жөнінде мысалға «Қаратал» колхозының бастауыш партия ұйымын (секретарі Қатырбаев жолдас) алайық. Бұл ұйымда әсерее комсомол мүшелері мен жастар арасында тәлім-тәрбие жұмысы ойдағыдай ұйымдас-тырылмаған. Мұнда алдыңғы қатарлы жастарды партия қатарына қабылдау ісі өкпінді қанағаттанғысыз. Партия ұйымының быйылғы өткен январь айындағы өсең беру-сайлау жыйылысында коммунисттер, партия жыйылысының уақытылы өткізілмейтінін, онда өткен жылдан бері партия қатарына алдыңғы қатарлы адамдарды қабылдау жөнінде бірде-бір рет мәселе қаралмағандығын қатты сынға алған болатын. Ал, жыйылыста партия қатарын толықтыру туралы ерекше назар да қабылданған. Ама! не, жұмыс са-быны бұрынғыша, өзгеріссіз келеді.

Кейбір партия ұйымдарының басшы-лығы ішінде партия ұйымын ұйымдас-тыру жағынан нығайту жөніндегі бұл са маңызды міндетті екінші кезектегі әселе деп қараушылар да жоқ емес. Мә-лен, Воровский атындағы колхоздың істауыш партия ұйымының секретарі роби жолдас партияның кандидаттығын мүшелігіне ету үшін өтініш берген эрозбитов жолдасқа «егін жыйнау мау-жы аяқталғаннан кейін өткіземіз, қазір ықыт жоқ» деп, толтырылған іс қағазда-ли өзіне қайтарып берген. Ал, бұл-ымда 1942 жылдан бері партия қата-на бірде-бір адам қабылданбаған.

Партия қатарының өсуі—партия жый-лыстарының уақытылы өткізіліп оты-луына байланысты. Өйткені, коммуни-ст партия жыйылыстарында пікірлерін-ғын, өздерінің іскерлік қабілеттілігін-найды. Қателер мен кемшіліктерді-н көрсетіп, жұмысты жақсарту жөнін

де ұсыныс жасайды. Міне, сонда ғана пар-тия ұйымын ұйымдастыру жағынан нығай-туға болады. Ал, «Еңбек», «Өңіріс», «Ма-дениет» және «Қарабұлақ» колхоздары-ның партия ұйымдарында партия жый-лыстары оқта-текте ғана өткізіледі. Оның-өзінде де партия қатарына өтушілердің-өтініштері үнемі кейінге қалдырылып кел-ген. Міне, мұндай партия ұйымдары-басшыларының жұмысынан қандай нәти-же күтуге болады.

Жақын арада болып өткен РК(б)П аудандық комитетінің бюросында ауданның партия ұйымдарын ұйымдастыру жағы-нан нығайту және партия қатары-на жаңада қабылданған жас коммуни-стерге саяси тәрбие беру туралы мәселе қаралып, қарар қабылданды. Онда аудан бойынша артта қалған «Бірлік», «Мөде-ниет» және «Жарқайың» колхоздарында-ғы партия ұйымдарының жұмысындағы-өзеулі кемшіліктерді жойып, нақтылы іс-ке кірісу міндеті жүктелді. Бірақ, алын-ған қаулы, белгіленген шаралар орындалу-жағынан жұртшылыққа ешбір әсерін тигіз-беді. Мұндағы ең басты себеп: РК(б)П аудандық комитетінің қызметкерлерінің-өздері де колхоздарға барғанда, партия ұйымдарының жұмысымен таны-сып, оларға нұсқау берудің орнына, тек шаруашылық мәселелерімен ғана шұғылда-нады.

РК(б)П облыстық комитетінің II пле-нумы партия қатарын істе сыналған. Ота-нымызға, Ленин—Сталин партиясы ісіне-ақырына дейін берілген таңдаулы адам-дардың есебінен толықтыру және пар-тия ұйымдарын ұйымдастыру жағынан-нығайта беру жөнінде облысымыздың пар-тия ұйымдарының алдына аса зор мін-деттер қойды. Міне, бұл міндеттерді аб-роймен орындау РК(б)П Ленин аудандық-комитетінің қызметкерлері де ортақ. Сон-дықтан, партия қатарын толықтыру ісін-дегі байқалған кемшіліктерді дереу жо-йып, партия ұйымдарына қолма-қол бас-шылық ету, партия жыйылыстарын жас-коммунистер үшін шын мәніндегі тәрбие-мектебіне айналдыру хажет.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Ғылыми тақырыпта лекция оқу

РК(б)П Орталық Комитетінің XII плену-ауыл-село елбасшылары арасында ғы-ми мәселелерді насихаттау жөнінде-циялар мен баяндамаларды өткізуге-кше маңыз берді. Мұнымен қатар па-

Лекция мен баяндаманың сапасын жақ-сарту үшін насихатшыларға үнемі көмек-көрсетілді. Мәселен, бір тақырын жөнін-де лекция не болмаса баяндама оқылатын-болса, он адаммен

Партия қатары таңдаулы адамдар есебінен толықтырылсын

Совет ауданының бастауыш партия-ұйымдары партия қатарын таңдаулы-адамдардан толықтыруда. Партия ұйым-дарының бұл жұмысқа саяси зор маңыз-беруінің нәтижесінде аудан бойынша аз-уақыттың ішінде партия мүшелігіне 15-адам, кандидаттыққа 25 адам қабылдан-ды.

Совет астық совхозы жанындағы бас-тауыш партия ұйымы (секретарі Долбу-хин жолдас) партия қатарына ауыл шаруашылығының алдың-ғы қатарлы озаттарынан РК(б)П мүшелі-гіне 2 адам, кандидаттығына 4 адам қа-былдады. Олардың ішінде трактор брига-дасының бригадирі Музыка, комбайншы Махамбетов жолдас бар. Махамбетов жолдас өткен жылғы егін жыйнау мау-сымында екі «Сталинец» комбайнымен 1050 гектар егін жыйнап, совхоздың ауыспалы Қызыл Туына не болған өді. Ал, быйылғы егін жыйнаудың алғашқы-бес күндігінде ол 280 гектар егін жый-нап, 44 килограм жанар майын үнемдеді.

Сол сыяқты Музыка жолдас та быйыл-ғы көктемгі егіс кезінде трактормен істе-летін жұмыс жоспарын 102,4 процент орындады. Қазір, Музыка жолдасын тракторшылары күндік тапсырманы жаң-пай артығымен орындауда.

Бірақ, партия қатарына таңдаулы-адамдарды қабылдау ісі ауданымыздың-барлық партия ұйымдарында бірдей деу-ге болмайды. Бірталай бастауыш партия-ұйымының секретарьлары партия қатарын-істе сыналған, таңдаулы адамдар есебі-нен толықтыру ісіне саяси мән бермей-келеді. Соның салдарынан ауданымыздың-8 бастауыш партия ұйымында осы жыл-дың соңғы алты айы ішінде партия қа-тарына бірде-бір адам қабылданбады. Мы-салы, «Баянды» колхозының бастауыш-партия ұйымы (секретарі Нұртазпина жол-дас), «Төңкеріс» колхозының бастауыш-партия ұйымы (секретарі Нұржанов жол-дас) өткен жылдан бері партия қатарына-бірде-бір адам қабылдамады. Бұл партия-ұйымдарында ауыл шаруашылығының ал-дыңғы қатарлылары, сол сыяқты комсо-мол мүшелері мен жастар көп. Ама! не, істің жайы солай бола тұрсада Нұртази-на, Нұржанов жолдас колхозшылар-арасында партияның ұйымдастыру-көпші-лік жұмыстарын шын мәнінде өрістете-алмай отыр. Партия жыйылыстары оқта-текте ғана өткізіледі. Партияның айлық-іс жоспарлары жоқ. Коммунистерден алын-атын мүшелік жарналар уақтылы жый-

Жоспар орындалды

Н. заводының жұмысшылары мен ин-женер-техник қызметкерлері өндірістік-жоспарды әрдайым уақытынан бұрып-орындап, сапалы бұйымдар өндіру үшін-қажырлы еңбек істеуде.

Каргаполова жолдас басқарған цехтың-жұмысшылар коллективі күнделік жу-мыс мөлшерін үнемі 150 процент орын-дап, бірінші орынға не болды. Смирнова жолдасын басқаруындағы-бригаданың мүшелері қаһарман Қызыл-Армияның зор жеңістерімен жігерленіп, күнделік тапсырманы 2-3 есе артығымен-орындап жүр.

Лаптева жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасының мүшелері өндіріс-техникасын ойдағыдай меңгеру нәтиже-

сінде август айының өндірістік жоспарын-120 процент орындады. Стахановшылар-Карпова, Абдуллин және Захаров жолдас-тар зор мұтамен еңбек істеп, күнделік-тапсырманы 150—200 процент орындап-жүр.

Жұмысшылар арасында саяси-көпшілік-жұмыс кеңінен өрістетілді. Соның нәти-жесінде жұмысшылар арасында стаханов-шылар қатары өсті. Барлық жұмысшы-лардың 50 проценті стахановшылар.

Завод коллективі Қазақстанның 25-жылдық мерекесі атындағы социалистік-жарысты кеңінен өрістетіп, екінші жар-ты жылдықтың өндірістік жоспарын мер-зімінен бұрын орындау үшін жұмысуда.

Е. ИМАНБАЕВ.

Мерекені зор табыспен қарсы алмақ

Сталин атындағы қолөнершілер артелі-нің жұмысшылар коллективі Қызыл Ар-мияның тарихи жеңістерімен жігерленіп, өндірісте қажырлы еңбек істеуде. Рес-публикамыздың 25 жылдық мерекесі-атындағы социалистік жарыс кеңінен-өріс алуда.

Марголин жолдас басқарған өтік тігу-шілер цехының жұмысшылары мектеп ба-залары үшін 3—4 күннің ішінде 20 пар-аяқ киім тігін берді. Муратов жолдас бас-қарған учаскенің коллективі ұлғайтыл-ған міндеттемелер алып, оны үлгілі орын-

дауда. Мұнда мектеп балалары-үшін 30 пар аяқ киім тігілмек. Бұл-цехтардан киім тігушілер цехының жұ-мысшылары да қалысатын емес. Олар-август айының өндірістік жоспарын мер-зімінен едәуір бұрын орындап, жоспардан-тыс 3 мың сомның көпшілік қолды бұ-йымдарын өндірді.

Жуманова және тігілмеші Бузнецова-жолдасар үнемі екі мөлшер орындайды. Артель коллективі Қазақстанның 25-жылдық мерекесін зор табыстармен қар-сы алмақ.

Ж. ӘМІРОВ.

Қызыл Тулы артель

«Светлый Луч» қолөнершілер артелі-нің (Ленин ауданы) коллективі облыстық-қолөнершілер одағына қарасты артельдер-дің өз ара социалистік жарысында үздік-келеді. Артельде жарты жылдық өндіріс-жоспары 124 процент орындалды. Сон-дықтан да артель коллективіне облыстық-қолөнершілер одағының ауыспалы Қы-зыл туы берілді. Артель коллективі екін-ші жарты жылдықта да қарқынды бәсе-кеткен жоқ. Олар июль айында өндіріс-тік тапсырманы 112 процент орындады.

Социалистік жарыста артельдің пима-басушылары үздік табыстарға не болуда. Олар өздерінің өндірістік көрсеткіштерін

144 процентке жеткізді. Артельдің баска-цехтары да өндірістік тапсырманы орын-дауда артта қалған жоқ.

Артель коллективі бұйымдардың жаңа-түрлерін шығаратын цехтарды игеру жұ-мысын күшейтті. Жақында олар кіріпін-жасайтын цех ұйымдастырды. Қазір мұн-да сабын жасайтын цехтың құрлысы-жүргізіліп жатыр. Жақын арада мүйіз-ден түрлі заттар дайындап шығаратын-цех ашылмақ. Петровскі балалар үйіне-көмектесу үшін артельде аяқ киім және-тігін цехтары ұйымдаспылды.

А. БУГАЕВ.

ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНЫҢ ЕНБЕК ЕРЛЕРІ

Петропавл электр станциясының кол-лективі Қазақстанның 25 жылдық даңқ-ты мерекесі атындағы социалистік жа-рыста жаңа табыстарға не болуда. Стан-ция қаланың энергетика базасын бұрын-ғыдан анағұрлым ұлғайтты. Бұл—қала-дағы көсін орындайтын қажырлы

қазушылар бригадасының мүшелері жұ-мыста тамаша нәтижелерге жетісті. Сон-дай-ақ ұсталар бригадасы стахановша-жұмыс істеудің тамаша үлгілерін көрсет-тіп жүр. Мәселен, стахановшы жұмысшы-Иванов жолдас дизель установкасын тап-

С. О. Елшісі С. И. Кавтара зенің Румынияға келуі

БУХАРЕСТ. 22 август. (ТАСС). Рум-радиосы, ССРОның Румыниядағы Төт-ше және Полномочиеді елшісі С. И. Ка-втараның бүгін Москвадан Бухарестке-келгендігін хабарлады. Аэродромда Кавт-арадені Бас Министрдің Орынбасары жа-Сыртқы Істер Министрі Татареску мы-на, Министрлер Кеңесінің Бас Секрета-рмиль Бондариу, Румынияның ССРОда-Төтенше елшісі профессор Поргу Порд-тағы басқалары күтіп алды.

С. И. Кавтарадені совет елі жағын-саяси кеңесші Павлов, генерал-лейтенан-Виноградов тағы басқалары қарсы алды.

Жапонияның тізе бүгуі туралы актыге қол қою жөнін

ЛОНДОН. 23 август. (ТАСС). Рейтс-агенттігінің хабары бойынша, Жапония-ның тізе бүгуі туралы актыге одақта-мемлекеттер атынан қол қоятын генера-Макартур актыге қол қоюға мына адам-дардың қатысатындығын хабарлаған: АҚШ жағынан адмирал Немип, Біріккен-Корольдік жағынан адмирал Фрэнсер, Ав-стралия жағынан генерал Блэми, Голлан-диялық Шығыс Индия жағынан генера-Ван Ойен, ССРО жағынан генерал Деве-вянко, Қытай жағынан генерал Су Юн-чан және Франция жағынан Леклерк акты-ге қол қоюға қатынасады. Канада мен-Жаңа Зеландияның өкілдері әлі белгілен-ген жоқ.

Жапондардың Сингапурдағы әскерлері тізе бүкпек

ЛОНДОН. 23 август. (ТАСС). Жапон-дардың қол астындағы Сингапурдағы-радио станциясы, 22 августа, жапонның-генерал-майоры Принц Харухито Каппи, Жапония императорының өкілі жапон қол-басшыларына ұрыс қыймылдарын тоқта-ту жөнінде бұйрық беру үшін Сингапур-ға келгендігін хабарлады.

Жапонның бесінші армиясының қолбасшысы генерал-лейтенант Симидзю Норицу-ненің мәлімдемесі

Жапондардың 5-армиясының әскерлері-мізге қолға берілген қолбасшысы гене-рал-лейтенант Симидзю Норицуне мына-ны мәлімдеді:

«5-армия Харбиндегі ұрыс жүргізетін-ақізгі бағытты қорғап тұрды. Ұрыс қый-мылдары басталғанға дейін, 8 августа-жапонның қатарында 65 мың адам бар-ақ Ол...

шпикеті қолданды. Ауаның қолхоз, ахоздарындағы және МТСтарындағы ең ішкілерге жыл басынан бері саяси тақы-
птарда 27 лекция оқылды.

Ғылыми-нәсихаттау тақырыптарында-
жанның партия, совет активтерінен қол-
дар мен совхоздарға нәсихатшылар
беріледі. Олар қазіргі егін жыйнау мау-
мының алғашқы күндерінде түрлі та-
рыптарда бірнеше рет лекциялар оқып,
шдамалар жасады.

ЖАҢА ЭЛЕКТР ЖОЛЫ

ТАРАҒАНДЫ. Балқаш орталық электр
ниясының Ақшатау, вольфрам руд
іне дейін 153 километрлік жаңа

тіру хажет. Бірақ, бұл талаптар әлі күн-
ге дейін жүзеге асырылмай келеді.

Еңбекшілерді ғылыми тақырыптарға
нәсихаттау ісінде болған кемшіліктерді
тез арада жойып, лекциялар мен баянда-
лардың сапасын ҚК(б)П Орталық Комите-
ті XII пленумының қаулысына сәй-
кес жақсарту керек.

М. ДҮЙСЕНБАЕВ,

ҚК(б)П аудандық комитетінің нұсқау-
шысы.

Партия қатарын толықтырудағы негізгі
кемшіліктің бірі— жаңа қабылдаған пар-
тияның мүшелері мен кандидаттарына
партия билеттерінің уақтылы тапсырыл-
мауы жөнінде болып отыр. Мәселен, өт-
кен жылы партия қатарына қабылданған
30 коммунистке әлі күнге дейін партия
билеттері тапсырылған емес.

Партия қатарын толықтыруда болған
кемшіліктерді дереу жойып, партия қа-
тарын істе сыналған алдыңғы қатарлы
адамдар есебінен толықтыру—партия
ұйымдарының ең негізгі міндеті болып
саналады.

С. ҚАРЫМСақов,

ҚК(б)П Совет аудандық комитетінің
нұсқаушысы.

Дәгерлік кеңес

БЕЗГЕК

езгек ауыруы дүние жүзінде өте көп
қан ауырудың бірі. Бұл ауру ыстық
лердегі батпақты, томарлы, ағыны
тап қалған сулар мен айналасы тү-
көлдердің, бөгетті арықтардың бойы-
ан мекендеген елдерде көбірек кездесе

ткен замандарда безгек осындай жер-
дің ылай суын ішсе, содан жұғады
се сол араның дымқыл ауасынан
ады деп түсінудің болған. 1880
ы Француз жұртының оқымысты
гер ғалымы Лавбран тексере келін,
кпен ауырған адамның қанынан бұл
дың өзіне тән микробын (күртін)
ан. Бұл микробтар ауру адамның
нда жүріп, өмір сүреді. Безгек ау-
ның күнде ұстауы осы микробқа бай-
сты болады. Өйткені, микроб адам-
қанынан түскеннен кейін көбейе бас-
ы. Қанның ішіндегі қызыл түйірле-
құрылыстарын бұзып, санын азай-
ының тиісті атқаратын қызметіне
жасайды. Безгектің микробы өзінен
ағарып, ол қанға тарайды да, адам-
денесін улатады.

зақ халқының ұтымында безгек ау-
түр-түрге бөлінбейді. Шынында без-
ің негізгі үш түрі бар. Безгектің бір
қунара ұстайды, екінші түрі-екі күн
үшінші күні ұстап отырады. Без-
і үшінші түрі—тропикалық безгек
талады. Ол күнде ұстайды. Осы соң
үрі безгектің ең ауыр түрі болып
еледі.

гек неден және қалайша жұғады?
рлік ғылымда безгектің неден және
ша жұғатыны көптен айқындалған.
—98 жылдары ағылшының Росс
оқымысты дәрігер ғалымы безгек-

тің өуеден де, судан да емес, сары маса
арқылы жұғатындығын дәлелдеген бола-
ғын. Безгектің микробы адамның қанын-
да болатынын жоғарыда айттық. Безгек-
пен ауырған адамды сары маса шағады
да, қандағы микробты қан арқылы бірге
жұтады. Содан кейін ол маса сау адам-
дарды шақса, оның қанына микробтардың
ұрығын түсіреді. Осыдан кейін сау адам
безгекпен ауыра бастайды. Ауыру тара-
татын маса жаз бойы өмір сүріп, саң
аламды шағуы мүмкін. Міне, безгектің
бірден-бірге тарауы осыдан болады.

Сары масаның бәрі бірдей безгек ауы-
руын тарата бермейді. Оның ішінде ано-
фелес дейтін бір, түрі бар. Безгекті тара-
татын да масаның осы түрі. Сары маса-
ның басқа түрі адамды шаққанымен, без-
гекті тарата алмайды. Сондықтан, анофе-
лес масасын басқа масалардан айыра бі-
лу хажет. Анофелес масасының жай ма-
салардан құйрығы үлкен келеді, қанаты-
ның үстінде теңбіл ала таңбасы болады.
Үйдің қабырғасына немесе басқа да көзге
айқынрақ көрінетін жерлерге қонып
отырғанда, ол қонған жеріне тұмсығы-
ның басын ғана тигізіп, өзге денелерін
көтеріңкі ұстап отырады. Ал, зиянсыз
жай масалар қонған жерінде аяғын да,
басын да, денелерін де жыйнақты ұстап,
жабыса қонып отырады. Анофелес—
безгек масасы көбінесе сазды, дымқыл
жерлерде, тазартылмаған арықтарда,
шалшық басып, шөбі өсіп кеткен ылай
суғарда өсіп, өледі. Оның өсуі де, тара-
уы да өте тез болады. Ол, жұмыртқа
салғанда 200—300ден салады. Екі-үш
күндік ішінде бұл жұмыртқадан күрт
пайда болып, шалшық, батпақты сулар-
дың бетінде кілегейленіп, жүзіп жүреді.

Күн райы ашық болатын болса, 10—15
күннен кейін күрттар есейіп, одан маса
пайда болады да, қанағаттанып ұша бас-
тайды. Бұл маса қанша безгек ауыруы-
мен ауырған адамды шаққанына, зиянсыз
болып есептеледі.

Безгекпен ауырған адам алғашқыда
немес ауырғанын білмей қалуы да мүм-
кін. Безгек кенеттен басталады. Ал, без-
гек ұстағанда аяқ қол сырқырап, адам-
ның тамыр-тамырлары тартып, денесі
мұздап, тісі-тісіне тимей дірілден, тона
бастайды. Ауа айналып, жерге түскен
ыстық күндердің өзінде безгекі ұстаған
адам жылына алмайды, үстіне қабақ-қа-
бас көріе жамылуды тілейді. Ол екі-үш
сағат, кейде төрт сағат шамасындай уа-
қытты қалыңдаумен өткізеді. Содан ке-
йін ауру адам біртіндеп жылына бастай-
ды. Алдымен қол-аяғы жылынады да, де-
несіндегі шымышпадан басталған жылы-
лық күшейе келе әл-күдірет ыстыққа
айналады. Ауру адам үстіне жамылған
нәселерінің бәрін сыпырып тастайды.
Беті долырып, қызарады, демалысы жиі-
ленеді, таңдайы кеуіп, ерні кезереді, жү-
регі қатты соғады, басы қаңғырып, ше-
кесі солқылдайды. Ыстық 40 градусқа
дейін көтеріледі.

Осы халде ауру адам екі-үш сағат
кейде одан да көбірек жатады. Бұдан ке-
йін денесі қызулық бөсеңдеп, демалуы
жеңілдей бастайды. Маңдайдан шып-шып
тер шығады. Көп кешікпей бойы балқып,
терге шоғылады. Қатты терлегеннен ке-
йін денесі ыстығы төмен түседі. 4 са-
ғат шамасында ауру өзінің сау қалпына
келеді. Безгектің ұстауынан ол әбден қол
жырайды да, маужырап ұйқыға кетеді.
Ертеңінде жай адамдай жүре береді, де-
генмен де, көңілге сау адам тәрізді бол-
ғанмен, безгек бойында қалады, уақыты
жеткенде қайта ұстайды.

Егер ауру адам алдын-ала және ке-

Көп балалы аналарға награда тапсыру

Жуықта облыстық совет атқару коми-
теті председателинің орынбасары Семкин
жолдас Булаев ауданындағы наградтаған
көп балалы аналарға ордендер мен ме-
далдар тапсырды.

II-дәрежелі «Ана даңқы» орденін бі-
рінші болып 8 бала тауып, тәрбиелеп
өсірген Булаев селосында тұрушы үй ая-
руасындағы әйел Августина Сергеевна
Кривошея алды. Кривошея жолдас
Жоғарғы награданы алып, былай деді:

—Біздің туган Советтер Одағындағыдай
бүкіл жер жүзінде бірде-бір елде көп ба-
лалы аналарға қамқорлық жасалмайды.
Ұлы награда бергені және балаларымды

тәрбиелеуде көмек көрсеткені үшін үкме-
тіміз бен партиямызға кеменгер көсемі
міз Сталин жолдасқа шын жүректен ал-
ғыс айтамын.

«Красное знамя» колхозының мүшесі,
II-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен на-
градталған Антонина Аверьяновна Климен-
ко орденді алып, кеменгер Сталинге рах-
мет айтып, оның тағы да ұзақ жылдар
өмір сүруін тілейтіндігін білдірді.

II-дәрежелі «Ана даңқы» ордені көп
балалы 10 анаға, I-және II-дәрежелі
«Ана медалі» медалі 6 анаға тапсырыл-
ды.

А. СӘЖЕНОВ.

зінде емделмей, ауру бір жылға дейін
созылып кетсе, ол созылмалы (хрониче-
ский) түрге айналып кетуі мүмкін. Мұн-
дайда қан азаяды, кісінің өмі сарғайып,
денеден әл-қуат кетіп, қуара бастайды.
Бұдан дененің басқа мүшелеріне де зақым
келуі ғажап емес. Бұл аурудың зақымы
бүйректі, бауырды бұзауы, кейде тіпті
мүйізге да шауып, адамды есінен адасты-
руы мүмкін.

Безгек ауыруы қалай білінсе, солай
дереу дәрігерге көрініп, емделу керек.
Безгек жөнінде халықтың да елі бар.
Бірақ, халықтың емі жоғарыдағы айтыл-
ғандай аурудың тарау себептеріне сүйен-
бейді. Сондықтан да, ауруды шоныту,
сескендіру, қорқыту сыяқты өрескел
тәжірибелер қолданылады (ұйықтап жат-
қан аурудың қойнына жылан салу, су
бұрқу, тірі құмырысқаны жегізу тағы
сондайлар). Бірақ та безгек одан жазыл-
майды. Ал, ғылым тәжірибесінде безгекке
қарсы қолданылатын емнің түрлері ай-
қындалған. Сондықтан, ауру адам осы
емдерді дұрыс пайдаланса, уақытын үз-
бей емделсе, айынып, жазылып кетеді.

Безгекті жалпы күрту үшін қолданыла-
тын шара анофелес масасын өрбітпеу
болады. Бұл онай жұмыс емес. Безгек
масасы өсіп-өнетін жерлерді шыруашы-
лыққа пайдасы шамалы болса, өзгертін
жіберу әдісі қолданылады. Ондағы жағ-
дайды өзгертпейінше, безгек масасының
әрбуіне бөгет жасау қиын болады. Саз-
ды, томарлы жерлерді құрғатып, өңдеп
егін жайға айналдыру және шалшық су-
дың бетінде жүзіп жүрген безгек маса-
сын күрту үшін оған мұнай, керосин
құйып қыру әдістері самоетпен ұлы дә-
рілер шаңу тағы сол сыяқты шаралар
қолданылады. Гамбузье деген балық без-
гек ауруын күртуға пайдалы болады.
Маса күрттарының көбеюіне жол бермеу
үшін мұндай балық сулы томарлы жер-

лерге жіберіледі. Бұл тәжірибе Өзбекстан-
да, Қазақстанның оңтүстік облыстарында
қолданылып та жүр.

Безгек ауруын жалпы күрту үшін
осындай шаралар істеледі. Бұл безгек
жүкқан адамды емдеуден бұрын, сақтық
ретінде істелетін шаралар.

Безгектен сақтану шарасын әрбір үй,
әрбір адам қолданып отыруы керек. Без-
гектен сақтанамын деген адам, ең алды-
мен безгектің масасынан сақтануы хажет.
Безгек масасы күндіз ұшпайды, күн ба-
тар алдында, не түнде ұшады. Сондық-
тан, бұл мезгілде есік-терезені жабық
ұстаған, немесе терезеге марлы ұстау
әдістерін қолданған жөн. Безгек масасы
үйге кіргені байқалса, оны дереу өлті-
руге де болады.

Безгек масасы малды көбірек шағады.
Бірақ, мал одан ауырмайды. Сондықтан,
безгек масасы ұшатын жерлерге мал
ііру, түнету, жусату сыяқты әдістерді
қолдану да теріс емес.

Советтер Одағында безгекке қарсы кү-
рес жүргізетін арнаулы мекемелер—тро-
пикалық институт, безгек станциялары,
безгекке қарсы күресетін пункттер бар.
Бұл мекемелер жыл сайын безгекке қар-
сы күрес жөнінде көп жұмыстар істеп
отырады. Бұл жұмыс үлкен нәтиже беріп
келеді. Дегенмен де, безгек ауыруын
күрту күресіне барлық жұртшылық көңіл
бөліп отыруға тиіс. Өйткені, бұл жалғыз
дәрігер көмегімен жойыла қоятын ауру
емес. Оның тамыры қоғамдық шаруашы-
лық ісінің барлық тарауларына байла-
нысты. Сондықтан да, безгек ауруының
неден пайда болатыны, одан қарсы күрес
жүргізу әдістері бұқараға неғұрлым кеңі-
рек түсіндіріліп, ол әдістерді қолдануға
сөйтіп, безгекті біржолата жоюға жұрт-
шыдықты жұмылдырып отыру керек.

Дәрігер Қасым ШАТЫБЕНОВ.

дан әрі қарсылық көрсете алмады».

Павелич Югославия өкметінің қарамағына берілмек

ЛОПДОН, 22 август. (ТАСС). Лондон
радиосының хабары бойынша, одақтас-
тардың Австриядағы жоғарғы командо-
ваннесі Павеличті Югославия өкметінің
қарамағына беру жөнінде қарар шығар-
ған.

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

Чехословакия өкмет орындары Солтүс-
тік Чехияның бір ауданынан гитлершіл
жастар ұйымының бұрынғы мүшелерінің
қару-жарағы мен оқ-дәрісі қойылған жа-
сырын еклад тапты. Тұтқынға алынған
гитлершілдер, Чехословакия республика-
сының басшыларына қастық жасауға
азірленіп жүргендігін мойындады.

Фин республикасының президенті со-
ғыс қылмыстыларын жауапқа тарту жө-
ніндегі жобаны бекіту үшін сеймге тап-
сырды.

Турцияда бұрын-соңды болмаған қуаң-
шылыққа байланысты көптеген өртер
шығып, ормандар анта бойы өртенуде.
Ресми мәлімет бойынша, 20 мың гектар-
дай жердің орманы өртеніп кеткен.

Хельсинкиде «Москва» атты көрме
ашылды. «Финляндия—Советтер Одағы»
коғамы председателинің орынбасары Мау-
ри Резия көрмені алғашқы рет көруге
арналған мәжілісті ашып, Москваның та-
рихы және оның қазіргі саяси, мәдениет
жөніндегі маңызы туралы айтты.

Жауапты редактордың орынбасары Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Петропавл ауданындағы Бескөл се-
ленік советінің қарауындағы Степан Ра-
зин атындағы колхоздан 3 жылқы жоғал-
ды.

1) Жирен қасқа бие. 2) қарагер бие,
маңдайына жұлдызы бар. Екі жаста. 3)
Күрен бие, үш жаста.

Көрген білгендер болса колхоз басқар-
масына хабарлауын сұраймыз. (Сүйіншісі
бар).

«Қарабалық» көлі ауданындағы шабын-
дықтан облыстық финанс бөлімінің бір
қара сыйыры жоғалды. Көрген білгендер
мына адреске хабарлауын сұраймыз.

Петропавл қаласы, Степан көшесі 129-үй.
Облыстық финансы бөлімі.